




КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ  
«ОҚУЛЫҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



**«ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ  
ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ И  
ЭФФЕКТИВНОСТЬ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ»**

**MATERIALS  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE  
«MODERN EDUCATIONAL RESOURCES AND  
THE EFFICIENCY OF THE EDUCATION SYSTEM»**



**2016 жылдың 28-30 маусымы, Астана қаласы**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ  
«ОҚУЛЫҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

«ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ  
ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ И  
ЭФФЕКТИВНОСТЬ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ»

MATERIALS  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE  
«MODERN EDUCATIONAL RESOURCES AND THE EFFICIENCY OF THE  
EDUCATION SYSTEM»

2016 жылдың 28-30 маусымы, Астана қаласы

ӘОЖ 37.012  
КБЖ 74.04  
3-21

Редакциялық алқа: Б.С. Кәрімова (бас редактор), Ә.Т. Дүйсебек,  
А.М. Елемесова, С.Н. Калиева, Ш.Ә. Сүлейменова,  
Б. Рахманқұл

Баспаға «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған (2016 жылғы 20 маусым, № 3 хаттама)

3-21 «Заманауи білім беру ресурстары және білім беру жүйесінің тиімділігі» – «Современные образовательные ресурсы и эффективность системы образования» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (28-30 маусым, 2016 ж.) / ред. - Б.С. Кәрімова Астана: «Оқулық» РҒПО, 2016. – 435 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-02-0128-6

Жинақта білім беру жүйесінің тиімділігін арттырудың тетігі есебінде заманауи білім беру ресурстарын әзірлеу және қолдану мәселелерін талқылауға, тәжірибе алмасуға арналған «Заманауи білім беру ресурстары және білім беру жүйесінің тиімділігі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары берілген. Білім беру ресурстарын әзірлеу, бағалау және қолданудың жаңа әдістемелері, олардың әлеуметтендіру әлеуеті, мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында ұтымды қолданудың тәсілдері баяндалған.

Жинақ қазақстандық және шетелдік оқу әдебиеттерінің авторлары мен сарапшыларына, ғалымдарға, білім беру жүйесінің мамандарына, сандық білім ресурстарын әзірлеуші компанияларға, сонымен қатар жалпы оқушы қауымға арналған.

ӘОЖ 37.012  
КБЖ 74.04

ISBN 978-601-02-0128-6

© «Оқулық» РҒПО, 2016

## БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ТҰРҒЫСЫНДА ОҚУ ӘДЕБИЕТТЕРІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БАСТЫ МІНДЕТТЕР ТУРАЛЫ

Об основных задачах повышения качества образовательных ресурсов в контексте перехода на обновленное содержание образования

А.Ә. Пірімқұлов

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің төрағасы

### Құрметті конференцияға қатысушылар, құрметті шетелдік қонақтар!

Еліміздің рухани дүниесі бай, білімді де білікті жас ұрпағын тәрбиелеу білім беру жүйесінің алдында тұрған келелі міндет. Тәуелсіздігіне 25 жыл толғалы отырған мемлекетіміздің жаһандық бәсекеге қабілетті, елжандылық қасиеттерін бойына сіңірген азаматтарын қалыптастыру білім берудің барлық деңгейлерінде білім мазмұнын жаңа талаптарға сай жаңғыртып, оқытудың тиімді ресурстарын пайдаланып отыруды талап етеді.

Осы орайда Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында кешенді іс-шаралар атқаруда.

Бүгін өткізіліп отырған «Заманауи білім беру ресурстары және білім беру жүйесінің тиімділігі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция осы тұрғыдан алғанда айрықша маңызға ие, оның күн тәртібіне қойылған мәселелердің әрқайсысы білім сапасын арттырудың маңызды аспектілерін қамтиды. Конференцияның практикалық бағыттылығы, білім беру ресурстарын әзірлеуші отандық және бірқатар шетелдік компаниялардың көрмесі мен мастер-кластар өткізуі конференцияға қатысушыларға пайдалы болады деп сенеміз.

Бәріңізге белгілі, биылғы оқу жылының ерекшелігі жалпы білім беретін мектептердің 1 сыныбына жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген оқу құралдарының енгізілуі. Осы оқулықтарды әзірлеу, сынақ пен сараптамадан өткізу, жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында Министрлік жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

### Уважаемые участники международной конференции, уважаемые зарубежные гости!

В предстоящем учебном году начинается новый этап в системе школьного образования нашей страны – переход на 12-летнее образование. В настоящее время проводится подготовительная работа по улучшению материально-технического оснащения школ, переподготовке педагогических кадров, разработке нормативных правовых документов и учебно-методических материалов.

В соответствии с Государственной программой развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы, утвержденной Указом

имия тілінде сөйлеп үйреніп, қорытынды жасай білуге дағдыланады.	ақылау жұмыстарын жүргізіп, бағалауға мүмкіндік береді.
3. Ұлынған білімді практикада қолдануға мүмкіндік беріп, білімді бекітеді.	3. амығта-саралап оқытуға, оқушылармен жеке жұмыстануға көмектеседі.

#### Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. - Астана, 2012.
2. Нұғыманұлы И.Н., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі. - Алматы: Print-s, 2005. - 319 б.
3. Зайцев О.С. Методика обучения химии: Теоретический и прикладной аспекты. Учеб. для студ. высш. учеб. заведений. - М.: ВЛАДОС, 1999. - 384 с.: ил.
4. Кудрявцев В. Т. Проблемное обучение: истоки, сущность, перспективы. - М.: «Знание», 1991. - 80 с.
5. Лернер И. Я. Проблемное обучение. - М.: «Знание», 1974. - 64 с.
6. Матюшкин А. М. Актуальные вопросы проблемного обучения // Ожонь В. Основы проблемного обучения. Пер. с польск. - М.: «Просвещение», 1968. - с. 186—203.

**Аннотация.** Бұл мақалада химиядан проблемалық оқыту мен зерттеу әдістерін оқу үдерісінде жана материалды менгеру мен бекітуге қолданылатындығы қарастырылған.

Жұмыста оқушылардың оқу материалын менгеру деңгейі мен эксперименттік есептер шығаруда зерттеу әдісін қолдану оқушылардың құзыреттілігін арттыру құралы екені көрсетілген. Есеп шығару дағдысы қалыптасу үшін есептер түрлі деңгейге бөлініп берілген.

**Аннотация.** В статье рассматривается использования метода проблемного обучения для усвоения и закрепления нового материала при решении задач по химической дисциплине.

В работе показано определение степени усвоения материалов и использование исследовательских методов обучения при решении экспериментальных задач для формирования химических компетентности учащихся. Для успешного приобретения навыков решения задач по разной теме предложены задачи трехуровневый сложности.

**Abstract.** The article discusses the use of problem-based learning method for learning and retention of new material in the solution of problems on Chemical discipline.

The article shows the definition of the degree of assimilation of materials and the use of research methods training in solving experimental problems for the formation of chemical competence of pupils. The successful acquisition of skills for solving different tasks topic proposed a three-tiered complexity.

#### Содержание

А.Ә. Пірімқұлов	Білім мазмұнын жанарту тұрғысында оқу әдебиеттерінің сапасын арттыруға бағытталған басты міндеттер туралы	4
Б. С. Каримова	Современный учебник: традиции и инновации	7
Г.А. Рудик, Н.С.Берназ	Дефрагментации современного учебника в условиях глобализации	11
О.И. Мухин	«Интеллектуальная школа» - инструмент обеспечения эффективности современного образования республики казахстан	13
А.Т. Дүйсебек	Постиндустриальное общество и трансформация методологии образования	17
Нурғалиева Г.К.	Модернизация системы образования на основе инфокоммуникационной парадигмы обучения	21
Тажисулова А.И.	Критерии стандартизации цифрового образовательного контента	26
Артықбаева Е.В., Арыстанова А.Ж.	Проблемные аспекты организации современной информационно-образовательной среды	31
Татенов А.М.	Концептуальный подход к решению актуальных вопросов развития среднего образования и виртуально-интерактивные информационные технологии в повышении качества обучения	39
У. С. Абдибеков, О. Л. Каруна, Е. С. Моисеева	Изучение проблемы внедрения онлайн-образования в докторантуре PhD в Казахстане	46
С.К. Омаров	Шет ел оқулықтарының құрылымдық компоненттерінің	49
Т.Х. Ғабитов, Г.К.Әбдіғалиева	Білім беру жүйесі ресурстарын дамытудағы мәдени мұра мен адами капиталдың орны	53
А.В. Морозов	Управление современным вузом как ресурс Повышения эффективности системы образования	60
В. А. Полякова, О. А. Козлов	Непрерывное развитие компетентности педагогов в области применения информационных и коммуникационных технологий в профессиональной деятельности: диверсификационный подход	74
П. Елубаева	Designing english course book for high school students in the context of intercultural communication	78
К.К. Жампеисова	Проблемы педагогического образования республики казахстан: пути решения	83
Е.А. Дайнеко, М.Т. Ипалакова, М.В. Юникова, М.А. Бродягина, Ж.Ж. Болатов	Использование информационных технологий в образовании	93
Н.С. Жубаназарова	Қазіргі білім беру жүйесінде оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану арқылы білім берудің әдіснамалық маңыздылығы	97
К.Ж.Бузаубақова	Болашақ педагогтардың креативті құзіреттілігін қалыптастырудағы заманауи білім беру ресурстары: электронды оқулықты жасау және тиімді пайдалану жолдары	104
Т.В. Байназарова	Роль и место современных учебников в учебном Процессе начальной школы	108

1) оқулықтағы оқу материалдарын құрылымдауға, тарауларға, параграфтарға бөлуге жаңа көзқарас қажет. Әр тақырыптың бір сабаққа арналуын қамтамасыз ету керек;

2) әр түрлі шрифтер, түсті бояулармен безендіру, шартты белгілер, рамкалар және т.б. арқылы игеруге ұсынылған білімдерді саралап көрсету қажет;

3) оқулықтағы әр деңгейлік тапсырмалар білімдерді практикалық мәселелерді шешуге бағытталуы керек және олардың күнделікті өмірмен байланысы қамтамасыз етілуі тиіс;

4) иллюстрацияның әр түрлерін кеңіне қолданып, олардың мәтінмен байланысына аса көңіл бөлеу қажет.

Әрине, қазақтандық оқулықтардың оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағыттылығын қамтамасыз ету бұл ұсыныстармен шектелмейді. Бұл бағытта атқаратын жұмыстар әлі де жеткілікті.

#### Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000205>
2. Франсуа-Мари Жерар, Ксавье Рожье. Разработка и анализ школьных учебников. Вильнюс. Изд.: «ASOVO», 1998. – 372 с.

#### Түйін

Мақалада шет елдік мектеп оқулықтарының құрылымы және мазмұны талқыланды. Мәтіннің, иллюстративтік материалдардың, оқушыларға арналған тапсырмалардың ерекшеліктері көрсетілген. Мектепке арналған отандық оқулықтар сапасын арттыру үшін нақты ұсынымдар берілген.

#### Аннотация

В статье проанализированы структура и содержание зарубежных школьных учебников. Выделены особенности текста, иллюстративных материалов, практических заданий для учеников. Предложены четкие рекомендации по улучшению качества отечественных школьных учебников.

#### Annotation

The article analyzes the structure and content of foreign textbooks. The features of the text, illustrations, practical assignments for students were distinguished. The precise recommendations for improving the quality of local textbooks were defined.

### БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ РЕСУРСТАРЫН ДАМУДАҒЫ МӘДЕНИ МҰРА МЕН АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ОРНЫ

Т.Х. Ғабитов, Г.Қ. Әбдіғалиева

әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің профессоры

[tursungabitov@mail.ru](mailto:tursungabitov@mail.ru) [g.kanaieva@mail.ru](mailto:g.kanaieva@mail.ru)

Пікір беруші - Нұрмұратов С.Е., филол. ғ.д., профессор, Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы қ.

Ел дамуының стратегиясын дұрыс таңдап оны әрі қарай дұрыс жүзеге асыру кезінде және ең бағалы ресурсы – адами капиталды дұрыс қолдана алу

Қазақстан Республикасындағы экономикалық реформа нәтижесі мен болашағы шешіледі. Егеменді Қазақстан мемлекеті үшін дамудың жоғары сатысына жеткен деңгейді тұрақтандыру және әрі қарай білім беру саласын дамыту болып табылады. Қоғамды жаңғыртуың негізгі шарты ретінде жаңа әлеуметтік біліктілік пен рөлдерді адамдардың игеруін атай отырып, сонымен қатар қоғамның ашықтығын есепке ала отырып, адамдардың әлеуметтік іс-әрекетінің мәдени дамуы, олардың жедел ақпараттануы, өзгерістер серпінінің өсуі бола алады.

25 жылдығын енді ғана атап өтетін тәуелсіз Қазақстанның үлкен жетістігі – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы [1]. Жаһандану жағдайында алдымызда тұрған міндеттердің бірі халқымыздың ежелгі тарихи, мәдени және рухани әлемінің терең тамырларын анықтап, оларды қопара зерттеп, философиялық тұрғыдан біртұтас жүйеленген ұлттық мұрамызды жаңғыртып жасап шығару. Қазақ халқының әлемдік өркениетке мен дегізгерлік өзіндік болмысымен енуіне мүмкіндік беретін, ілгері дамуымызға тұғыр болатын ұлттық санамыздың ұстанымды ерекшеліктерін саралау өте маңызды және бұл ғасырлар тұңғышымен тамырласып жатқан ұстын-құндылықтар, яғни біздің ұлттық тұтастануымыз үшін табан тірейтін тұғырларымыз ұлттық руханиятымызды жаңа өркениеттік көзқараспен, терең біліктілікпен жан-жақты талдау.

Тәуелсіз еліміздің тұңғыш президентінің нұсқауымен жасалып отырған аталмыш "Мәдени мұра" рухани жанаруымызға байланысты көптеген көкейтесті мәселелерді толық қамтып отыр десек қателеспеген болар едік. Бұндай ерекше бағдарламалардың дәл осы тұста, яғни дербестігімізге жиырма бес жыл толған соң да өз сонылығын жоғалтпайды. Бұл тағы да Қазақстан Республикасын құрушы қазақ халқының өміршеңдігін, арман-тілегінін орындалғанының айғағы емес пе? Олай болса, соқпағы көп тар жолда көршілес елдермен терезесі тең болу үшін дұрыс бағдар ұстап, әлемдік өркениетке ұмтылу, өз халқының жетістігін әлемге паш ету әрбір Қазақстан азаматының парызы. Осыған орай, атқарылған іс, жоспарланған жұмыстың барлығы өркениет өлшемдеріне сәйкес, жемісті де нәтижелі болуы қажет. Қазіргі таңда мәдениеттің ұлттық даму шеңберінен шығып әлемдік өркениеттік үрдістерді қозғап отырғанына өзіміз куәгерміз. Алайда аталмыш жаһандық мәселелер ұлттық мәдениеттің өзіндік болмыстық ерекшелігіне нұсқан келтірмеуі керек. Жаһандану қалыптасқан айырмашылықтарды ысырғанымен адамзатты біріктіреді, ендеше осы тұста адамзат үшін ең қажеттісі біртұтастылық.

Қазіргі өркениет өзінің даму жолында сыни кезенді өткеріп отыр. Осы күрделі кезең Қазақстанда айналып өтпейтіні сөзсіз. Ендеше, өзінің дара жолымен дамып келген ұлттық мәдениетіміз осы жолдан адаспай, өзіндік қасиетін сақтай отырып әлемдік өркениет кешенінен құр қалмауы тиіс.

Еліміз өз еншісін қолына алған шақтарда экономикалық, саяси т.б. толып жатқан дағдарыстар себебінен ел тізгінін ұстаған азаматтарымыздың бұндай жоғары дәрежеде ойлау мүмкіндігі болмады. Мемлекеттің тізесінен тік тұрып кетуі күн тәртібіндегі бірінші мәселе болды. Егемендіктің алғашқы жылдары халыққа да, оны басқарып отырған басшыларға да оңай тимеді. Еліміз еңсесін көтергенде етек-жеңін жинауға көмектескеніміз азаматтық борышым деп есептеген, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген өр кеуделі азаматтарымызбен қатар,